


Бекітемін:

Ы. Алтынсарин атындағы тірек
мектеп (ресурстық орталық)
жанындағы интернат
директоры Д.Б. Бакаев



«Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (РО) жанындағы интернат» КММ

2024-2025 оқу жылына арналған психологиялық қызметінің

жұмыс жоспары

2024-2025 оқу жылы

Психологиялық қызметтің басты мақсаты:

Оқу- тәрбие үрдісінде педагогикалық-психологиялық заңдылықтарды ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру, оқушының шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту, психологиялық денсаулығын сақтау.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

1. Білім беру жүйесінің барлық қатысушылары оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға қажетті психологиялық көмек беру.
2. Тұлғаның дамуының барлық жас ерекшелік кезеңдерінде оқушылардың зияткерлік, жеке тұлғалық және кәсіби дамуына қолдау көрсету.
3. Оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау.

Психологиялық қызмет жұмысының бағыттары:

- Психодиагностикалық бағыт
- Ағартушылық-профлактикалық бағыт
- Психологиялық кеңес беру бағыты
- Түзету-дамытушылық бағыты
- Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт

№	Іс-шаралар	Қызмет бағыттары	Мақсатты топ	Өкізу мерзімі	Есептік формасы	Ескерту
I. Психодиагностика бағыты						
1	Филлипсін мектепке үрейлену деңгейін саралау 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін кешенді зерттеу.	Диагностикалық бағыт	5-сынып оқушылары	Қыркүйек	Қорытынды анықтама	
2	Оқу мотивациясын деңгейін бағалау әдістемесі	Диагностикалық бағыт	5,6,7 сынып оқушылары	Қазан	Қорытынды анықтама	
3	Айзенк тесті	Диагностикалық бағыт	9 сынып оқушылары	Қараша	Қорытынды анықтама	
4	Басса-Дарки әдістемесі Оқушылардың агрессивтілік деңгейін анықтау	Диагностикалық бағыт	10-11 сынып оқушылары	Желтоқсан	Қорытынды анықтама	
5	Депрессия шкаласы Депрессияны анықтау	Диагностикалық бағыт	7-8 сынып оқушылары	Қантар	Қорытынды анықтама	
6	Кейрси сауалнамасы (Keirsey Temperament Sorter) темперамент түрін анықтауға арналған – ең тұрақты жеке сипаттамалардың бірі.	Диагностикалық бағыт	10-11 сынып оқушылары	Ақпан	Қорытынды анықтама	
7	Спилберг-Андресванын мотивация тесті Орта буын оқушыларының оқуға деген мотивация мен эмоционалды қатынасты диагностикалау	Диагностикалық бағыт	8-9 сынып оқушылары	Наурыз	Қорытынды анықтама	
8	Филлипсін мектепке үрейлену деңгейін саралау 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін кешенді зерттеу.	Диагностикалық бағыт	5-сынып оқушылары	Сәуір	Қорытынды анықтама	
9	II срез Жыл бойы жасалған жұмыстарға саралау жасау.	Есеп жасау		Мамыр	Есеп тапсыру	
№	Іс-шаралар	Қызмет бағыттары	Мақсатты топ	Өткізу мерзімі	Есептік формасы	Ескерту

II. Ағартушылық-профилактикалық бағыт						
				Тамыз	Хаттама	жоспар
1	Жылдық, айлық, апталық жұмыс жоспарын құру және бекіту.	-	-			
2	Педагогикалық ұжымға психологиялық қызметтің 2023-2024 оқу жылының мақсаттары мен міндеттерін таныстыру.	Ағарту	Мұғалімдер, Сынып жетекшілер	Тамыз		
3	5-сынып ата-аналарына балаларның орта буынға бейімделуіне психологиялық қолдау көрсету.	Ағарту	5-сынып ата-аналары	Қыркүйек	Хаттама, фото	
4	Қыз балалармен жұмыс. «Қыз қылығымен...»	Әңгіме сағаты	5-9 сынып қыздары	Қазан	Хаттама, фото	
5	Мұғалімдердің «күйіп кету» синдромының алдын алу	Презентация, тренинг	мұғалімдер	Қазан	Хаттама, фото	
6	Ұл балалармен жұмыс. «Елім дейтін ер болса...»	Әңгіме сағаты	5-9 сынып ұлдары	Қазан	Хаттама, фото	
7	Буллинг, кибербуллингтен қалай қорғанамыз?	Тренинг, бейнебаян	7,8 сынып оқушылары	Қазан	Хаттама	
8	«Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бойынша дәріс	Презентация	Мұғалімдер мен кіші қызметкерлер	Қараша	Хаттама, фото	
9	«Кәметке толмағандарды тәрбиелеу және оқыту, олардың дене, психикалық, адамгершілік, рухани даму үшін ата-аналар жиналысын өткізу»	Дәріс	8-сынып ата-аналары	Қараша	Хаттама, фото	
10	«Лудоманияға тәуелділіктен сақтандыру»	Дөңгелек үстел	8 сыныптар	Қараша	хаттама	
11	«Балаларға қатысты қатыгездік, зорлық-зомбылық»	Дебат	9-сынып	Қараша	Хаттама сурет	
12	«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»	Кеңес беру, тренинг	Ата-аналар	Қараша	Хаттама, фото	
13	«ВЕЙП – денсаулыққа өте қауіпті»	Тренинг	8-11 сыныптар	Желтоқсан	Хаттама	
14	«Жеке ойлау стильдері» А.Алексеева Л.Г.Громов	Сауалнама	Мұғалімдер	Қаңтар	Хаттама, фото	
15	«Мен өмірді тандаймын»	Тренинг	6,7,11 сынып	Ақпан	Хаттама	
16	Интернетке тәуелділіктің алдын алу	презентация	5-9 сынып оқушылары, мұғалімдер, ата-аналар	Ақпан	Хаттама, фото	
17	«Зиянды әрекеттердің алдын алу»	Кеңес	6 сынып оқушылары	Наурыз	Хаттама, фото	

18	«Зорлық – зомбылықты бірге жеңеміз»	Тренинг	1-11 сыныптар	Сәуір	Хаттама, фото
----	-------------------------------------	---------	---------------	-------	------------------


№	Іс-шаралар	Қызмет бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Есептілік нысаны	Ескерту
III. Психологиялық кеңес беру бағыты						
1	5-сынып оқушыларының ата-аналарына	Презентация	Ата-аналар	Қыркүйек	Хаттама, фото	
2	Жас мамандарға психологиялық кеңес	Әңгіме сағаты	Жас мамандар	Үнемі	Хаттама, фото	
3	Мектеп бітіруші түлектердің ата-аналарына психологиялық кеңес	Жиналыс	Ата-аналар	Қазан	Хаттама, фото	
4	Буллинг, кибербуллингтің алдын алуға кеңес	Әңгіме сағаты	Оқушылар, ата-аналар, мұғал	Қараша	Хаттама, фото	
5	Зиянды әрекеттердің алдын алуға кеңес	Сынып сағаты	Оқушылар	Желтоқсан	Хаттама, фото	
6	Сауалнамалар мен тест қорытындысы бойынша жеке және топтық кеңес беру	Кеңес беру	Оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер -	Үнемі	Хаттама, фото	
7	Сұраныс бойынша топтық және жеке кеңес беру	Кеңес беру	Оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер -	Үнемі	Хаттама, фото	
8	Оқушыларды ҰБТ-ге, олимпиадаға дайындау бойынша пән мұғалімдеріне кеңес	Семинар	Пән мұғалімдері	Үнемі	Хаттама, фото	

№	Іс-шаралар	Қызмет бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Есептілік нысаны	Ескерту
IV. Психологиялық түзете-дамыту бағыты						
1	Сабақ үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс.	Таным процестерін зерттеу	5-9 сынып оқушылары	Үнемі	хаттама	
2	Мектептегі тәрбиесі «қиын» балалардың психологиялық даму деңгейін және шығу себептерін анықтау.	«Үй, адам, ағаш» «Өмірде кездеспейтін жануар»	5-9 сынып оқушылары	Сұраныс бойынша	хаттама	
3	Дезапатты (қиын) оқушылармен жұмыс	«Кактус», «Кішкентай адамдар»	5-9 сынып	Үнемі	хаттама	

№	Іс- шаралар	Қызмет бағыттары	Нысаналы топ	Орындалу мерзімі	Есептік нысаны	Ескерту
V. Әлеуметтік- диспетчерлік бағыты						
1	Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды анықтап, ПМПК-ға бағыттау	Әңгіме	Ата-аналармен	Үнемі	Хаттама, анықтама	
2	Қауіп-қатер тобына жататын оқушыларды ВОП дәрігерлеріне бағыттау	Оқушылардан алынған әдістемелердің нәтижелері бойынша	Оқушылармен, ата-аналармен	Үнемі	Хаттама, анықтама	
3	Қиын жағдайға тап болған оқушыларды анықтап, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторға бағыттау.	Бақылау, әңгіме	Оқушылармен, ата-аналармен	Үнемі	Хаттама, фото, акт	



Білім бөлімі
2024-2025 оқу жылы



«Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп(РО) жанындағы интернат» КММ 2024-2025 оқу жылындағы бастауыш буынға арналған психологиялық қызметінің

жұмыс жоспары

Педагог-психолог:Бекишева Б.О.

2024-2025 оқу жылы

Психологиялық қызметтің басты мақсаты:

Оқу- тәрбие үрдісінде педагогикалық-психологиялық заңдылықтарды ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру, оқушының шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту, психологиялық денсаулығын сақтау.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

1. Білім беру жүйесінің барлық қатысушылары оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға қажетті психологиялық көмек беру.
2. Тұлғаның дамуының барлық жас ерекшелік кезеңдерінде оқушылардың зияткерлік, жеке тұлғалық және кәсіби дамуына қолдау көрсету.
3. Оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау.

Психологиялық қызмет жұмысының бағыттары:

- Психодиагностикалық бағыт
- Ағартушылық-профилактикалық бағыт
- Психологиялық кеңес беру бағыты
- Түзету-дамытушылық бағыты
- Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт

№	Іс-шаралар	Қызмет бағыттары	Мақсатты топ	Өкізу мерзімі	Есептік формасы	Ескерту
І. Психодиагностика бағыты						
1	Керн-Йиерасек әдістемесі; 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін кешенді зерттеу.	Диагностикалық бағыт	1 сынып оқушылары	Қыркүйек	Қорытынды анықтама	
2	«Мектеп суреті» әдістемесі Оқушылардың мектепке қарым-қатынасын анықтау	Диагностикалық бағыт	0-1 сынып оқушылары	Қазан	Қорытынды анықтама	
3	Н.Г. Лусканованың әдістемесі Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясының деңгейін бағалау	Диагностикалық бағыт	2 сынып оқушылары	Қараша	Қорытынды анықтама	
4	Э.Ф.Замбацевичене әдістемесі Дарынды балаларды анықтау	Диагностикалық бағыт	3-4 сынып оқушылары	Желтоқсан	Қорытынды анықтама	
	Н.Г. Лусканованың әдістемесі Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясының деңгейін бағалау	Диагностикалық бағыт	1 сынып оқушылары	Қаңтар	Қорытынды анықтама	
5	Бурдон тесті «Зейін деңгейін анықтау»	Диагностикалық бағыт	1-2 сынып оқушылары	Ақпан	Қорытынды анықтама	
6	Н.Г. Лусканованың әдістемесі Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясының деңгейін бағалау	Диагностикалық бағыт	3-4 сынып оқушылары	Наурыз	Қорытынды анықтама	
7	4 сынып оқушыларының орта буынға дайындығын кешенді зерттеу	Диагностикалық бағыт	4 сынып оқушылары	Сәуір	Қорытынды анықтама	
8	Керн-Йиерасек әдістемесі; 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін кешенді зерттеу. II срез	Диагностикалық бағыт	1-сынып оқушылары	Мамыр	Қорытынды анықтама	
9	Жыл бойы жасалған жұмыстарға саралау жасау.	Есеп жасау		Мамыр	Есеп тапсыру	
№	Іс-шаралар	Қызмет бағыттары	Мақсатты топ	Өткізу мерзімі	Есептік формасы	Ескерту

II. Ағартушылық-профилактикалық бағыт					
1	Жылдық, айлық, апталық жұмыс жоспарын құру және бекіту.	-	-	Тамыз	Хаттама
2	Педагогикалық ұжымға психологиялық қызметтің 2024-2025 оқу жылының мақсаттары мен міндеттерін таныстыру.	Ағарту	Мұғалімдер, Сынып жетекшілер	Тамыз	Хаттама
3	Даярлау сыныбына келген оқушылармен, мектепке жанадан келген оқушылармен танысу	Ағарту	0-4 сынып оқушыларымен	Қыркүйек	Хаттама
4	1-сынып ата-аналарына «Өз балаңа үлгі бол!» презентация	Ағарту	1-сынып ата-аналары	Қыркүйек	Хаттама, фото
5	Мұғалімдердің «күйіп кету» синдромының алдын алу	Презентация, тренинг	мұғалімдер	Қазан	Хаттама, фото
6	Буллинг, кибербуллингтен қалай қорғанамыз?	Тренинг, бейнебаян	4 сынып оқушылары	Қазан	Хаттама
7	«Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бойынша дәріс	Презентация	Мұғалімдер мен кіші қызметкерлер	Қараша	Хаттама, фото
8	«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»	Кенес беру, тренинг	Ата-аналар	Қараша	Хаттама, фото
9	«Құмар ойындарға тәуелділік»	Сауалнама	4 сынып оқушылары	Желтоқсан	Хаттама
10	«Жеке ойлау стильдері» А.Алексеева Л.Г.Громов	Сауалнама	Мұғалімдер	Қаңтар	Хаттама, фото
11	«Зиянды әрекеттердің алдын алу»	Кенес	4 сынып оқушылары	Наурыз	Хаттама, фото
12	«Зорлық – зомбылықты бірге жеңеміз»	Тренинг	1-4сыныптар	Сәуір	Хаттама, фото

№	Іс-шаралар	Қызмет бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Есептілік нысаны	Ескерту
III. Психологиялық кенес беру бағыты						
1	1-сынып оқушыларының ата-аналарына кенес беру	Презентация	Ата-аналар	Қыркүйек	Хаттама, фото	
2	Буллинг, кибербуллингтің алдын алуға кенес	Әңгіме сағаты	Оқушылар, ата-аналар, мұғал	Қараша	Хаттама, фото	
3	Зиянды әрекеттердің алдын алуға кенес	Сынып сағаты	Оқушылар	Желтоқсан	Хаттама, фото	
4	Сауалнамалар мен тест қорытындысы	Кенес беру	Оқушылар, ата-аналар,	Үнемі	Хаттама, фото	

	бойынша жеке және топтық кеңес беру	Кеңес беру	мұғалімдер	Үнемі	фото
5	Сұраныс бойынша топтық және жеке кеңес беру		Оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер -	Үнемі	Хаттама, фото
№	Іс-шаралар	Қызмет бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Есептік нысаны
IV. Психологиялық түзете-дамыту бағыты					
1	1-сыныптар бойынша мектепке бейімделмеген оқушылармен түзету жұмыстары		1-сынып оқушылары	Қазан Қараша	хаттама
2	Сабақ үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс.	Таным процестерін зерттеу	1-4 сынып оқушылары	Үнемі	хаттама
3	Мектептегі тәрбиесі «қиын» балалардың психологиялық даму деңгейін және шығу себептерін анықтау.	«Үй, адам, ағаш» «Өмірде кездеспейтін жануар»	1-4 сынып оқушылары	Сұраныс бойынша	хаттама
4	Девиянтты (қиын) оқушылармен жұмыс	«Кактус», «Кішкентай адамдар»	1-4 сынып	Үнемі	хаттама

№	Іс-шаралар	Қызмет бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Есептік нысаны	Ескерту
V. Әлеуметтік-диспетчерлік бағыты						
1	Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды анықтап, ПМПК-ға бағыттау	Әңгіме	Ата-аналармен	Үнемі	Хаттама, анықтама	
2	Қауіп-қатер тобына жататын оқушыларды ВОП дәрігерлеріне бағыттау	Оқушылардан алынған әдістемелердің нәтижелері бойынша	Оқушылармен, ата-аналармен	Үнемі	Хаттама, анықтама	
3	Қиын жағдайға тап болған оқушыларды анықтап, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторға бағыттау.	Бақылау, әңгіме	Оқушылармен, ата-аналармен	Үнемі	Хаттама, фото, акт	

**Ы. Алтынсарин атындағы тірек мектеп (РО) жанындағы интернат КММ
2024-2025 оқу жылындағы бастауыш буынға арналған психологиялық
қызметінің қорытынды талдауы**

Мақсаты :

Әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, өзін-өзі дұрыс бағалайтын, ақыл-ой қабілеті жақсы дамыған, өзінің мінез құлқына сын көзбен қарай алатын, өзін қоғамның бір мүшесі ретінде сезінетін тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету.

Міндеттері :

- Оқушылардың қабілетін, бейімділігін, қызығушылығын, денсаулығын ескере отырып олардың өз мүмкіндігін анықтауына көмек көрсету.
- Даму, оқу, әлеуметтенудегі өзекті міндеттерді шешуде оқушыларға көмек жасау: оқу қиындықтары, бейімділігі мен мамандық таңдаудағы мәселелер, эмоционалдық ерік сферасының кемшілігі, құрбыларымен, мұғалімдермен, ата-аналармен тұлғааралық қарым-қатынастағы мәселелер.
- Оқушылардың, мұғалімдердің, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзіреттілігін (психологиялық мәдениетін) дамыту.

Мектептің психологиялық қызметтің жұмысы 2021-2022 оқу жылында Психологиялық-педагогикалық мониторингтың автоматтандырылған жүйеге (ППМАЖ) қосылғандықтан 5 бағыттың жұмысы жүргізіледі. Бағыттар бойынша жылдық жоспарда бекітілген іс – шаралар уақытында ППМАЖ- де өткізіледі және белгіленеді.

Мектептің психологиялық қызметтің негізгі жұмыс бағыттары:

- Психологиялық диагностика
- Психопрофилактикалық жұмыс
- Психологиялық кеңес беру
- Түзету-дамытушылық жұмыс
- Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт

Психологиялық қызмет екі ауысым бойынша жұмыс жүргізіледі:

- I ауысым -1,4,8,9,10,11 сыныптар
- II ауысым – 2,3,5,6,7 сыныптар

Мектептің психологиялық қызметтің құрамы:

№	Психологтың аты-жөні	Білімі	Еңбек өтілі	Санаты	Біліктілік арттыру курстары
1	Жақсыбекова Ардак Кенжеқызы	жоғары	22 жыл	Педагог модератор	2024 жыл
2	Бекишева Батырбала Оралбековна	жоғары	19 жыл	Педагог	2024 жыл

2024-2025 оқу жылында психологиялық қызметтің 5 бағыты бойынша жоспарланған жұмыстар мерзіміне сәйкес өткізілді. Диагностикалық бағыт бойынша мектепалды даярлық топтан бастап 4-ші сыныпқа дейін мерзіміне байланысты жоспарланған әдістемелер психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйеде (ППМАЖ) бекітіліп уақытылы өткізілді. Жалпы психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйе 13 әдістеме бойынша оқушылар тестілеуге қатысты, сонымен қатар бұл жүйеде қарастырылмаған әдістемелер мысалы: буллинг сауалнамасы, 1-ші сыныпқа арналған ой қабілеттерінің экспресс диагностикасын әдістемесі (ОҚЭДӨ), «Мектеп суреті» әдістемесі, 1-ші және мектепалды даярлық ата-аналарына арналған сауалнама «Ата-аналардың білім беру ұйымының жұмысына қанағаттануын зерттеу әдістемесі» қағаз жүзінде жүргізілді.

Диагностикалық бағыт бойынша

1-ші сынып оқушылардың бейімделу деңгейін анықтау барысында бақылау жүргізілді. Әр сыныптың негізгі сабақтары бақыланды. Сабақта барлық мұғалімдер интерактивті тақтаны және көрнекіліктерді пайдаланды. Мұғаліммен оқушы арасындағы өзара қарым –қатынас дұрыс орнатылған, мұғалім бүкіл сыныптың балаларын назарда ұстайды. Оқушылар мұғалімнің айтқанын мұқият тыңдайды. Сыныптардың психологиялық ахуалдары жоғары деңгейде.

1-ші сыныптарда бейімделу бойынша ой қабілеттерінің экспресс диагностикасының әдістемесі(ОҚЭДӨ) жылдың басында және соңында жүргізілді. Әдістемеге 30 оқушы қатысты, 4 оқушы денсаулықтарына байланысты қатысқан жоқ. Әдістеме бойынша алынған нәтижесі: 4 субтест бойынша ойлау қабілетінің жоғары деңгейі – 9 оқушы (30%) көрсетті, орташа деңгейде 9 оқушы (30%) және төмен деңгейде 13(43%) көрсетті.

Осы әдістеменің II срезі бойынша 31 оқушы қатысты. Жалпы 4 субтест бойынша ойлау қабілетінің жоғары деңгейі 10(32%) оқушы көрсетті. Орташа деңгейде 7 (22%) оқушы және төмен деңгейді - 14(45%) оқушы көрсетті.

№	Мазмұны	Жоғары	Орташа	Төмен
1	I срез	9 (30%)	9 (30%)	13(43%)
2	II срез	10(32%)	7 (22%)	14(45%)

Жалпы әдістеменің ІІ срез бойынша интеллектуалдық даму деңгейінің төмен көрсеткішін көрсеткен оқушыларының ата – аналарымен консультация өткізіліп, оқушының ата – анасына облыстық психологиялық-педагогикалық-медициналық консультациядан өтуге кеңес берілді.

1 сынып ата – аналары арасында балалардың бейімделуіне байланысты сауалнама

Сауалнамаға 30 ата – ана қатысты. Сауалнаманың нәтижесі бойынша:

-3 ата – ана балалары мектепте құлықсыз барады деп жауап берді. 11 ата-ана-қуанышпен барады деді.

-2 ата-ана балалары мектеп тәртібіне толық бейімделді деп жауап берді, 1 ата – ана әлі толықтай бейімделген жоқ деп жауап берді.

-3 ата – ана бала мектептегі тәжірибесімен жиі бөліседі деп жауап берсе, 2 ата-ана –мектептен келіп сабағын оқиды деп жауап берді. 5 ата-ана – кейде деп жауап берді.

-3 ата-ана балаларының мектептен кейін эмоционалдық сипаты жағымды болады деген жауапты таңдады. 30 ата-ананың барлығы балалары сыныптастарына шағымданбайды және мұғалімдеріне шағымданып ренжімейді деп жауап қайтарды.

Психолог тарапынан көмек керек пе деген сұраққа 1 ата-ана түзету дамыту және сабаққа дайындау және әңгімелесу деп жауап берді.

1-2 сыныптар арасында оқу мотивациясының деңгейін бағалау сауалнамасы психологиялық – педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйеде жүргізілді.

№	Сыныптар	Қатысқан оқушы саны	Мотивацияның жоғары деңгейі	Мотивацияның орташа деңгейі	Мотивацияның төмен деңгейі
1	1 сыныптар	34	17	13	4
2	2 сыныптар	22	12	10	-
	Жалпы	76	29	23	4

Қорытынды: оқу мотивациясының төмен деңгейін көрсеткен оқушылармен профилактикалық жеке әңгімелер арқылы себептер анықталды.

Э.Ф.Замбацявичененің бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой дамуы деңгейін анықтаудың стандартталған әдістемесі. 3-4 сыныптардан алынған

Мақсаты: оқушылардың білім қорын анықтау.

Тапсырма: қолдасына қарай заттардың бөлігін табу.

№		3 сынып	4 сынып
1	Ақыл-ой дамуының жоғары деңгейі.	-	6%
2	Ақыл-ой дамуының орташа деңгейі.	51%	71%
3	Ақыл-ой дамуының жеткіліксіз (орташадан төмен) деңгейі.	108%	96%
4	Ақыл-ой дамуының төмен деңгейі.	36%	20%
5	Ақыл-ой дамуының өте төмен деңгейі.	5%	7%

Қорытындыларын сынып жетекшілеріне айтып ескертілді.

Мектепалды даярлық сынып оқушылармен жұмыс

Мектепалды даярлық сыныптарында мектеп дайындықтарын анықтау мақсатында А.Керна-Йиерасектың әдістемесі өткізілді. Әдістемеге 34 оқушы қатысты. Тестілеудің нәтижесі бойынша 1 оқушы мектепке дайындықтың жоғары деңгейін көрсетті, 12 оқушы - орташа деңгей, 21 оқушы – орташадан төмен деңгей көрсетті.

Психологиялық-педагогикалық ағарту

Жылдық жоспар бойынша қыркүйек айынан бастап 1-4 сынып ата-аналары психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспары және №377 бұйрықтың мектептегі психологиялық қызметтің ережелері таныстырылып, психологиялық сүйемілдеуге ата-аналардан келісім жиналды. Жыл бойы ата-аналармен балалардың жас ерекшеліктеріне сай, буллинг тақырыбына түсіндірме жұмыстар өткізілді. Ата-аналардың өзара қарым – қатынастарына тренингтік жұмыстар жүргізілді.

«Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылықтың мәселесі бойынша сауалнама» тақырыбынды ата-аналардан сауалнама алынды. Сауалнамаға 200 ата-ана қатысты.

Мақсаты: ата-аналар арасында мектепте зорлық-зомбылықтың мәселесі бойынша ойларын анықтау. Сауалнаманың нәтижесі бойынша:

-25 ата-ана мектепте зорлық – зомбылықтың мәселесі бар деп жауап берді. 44 ата-ана – жоқ деп жауап берді және 3 ата-ана – білмеймін деп жауап қайтарды.



27 ата-ана балалары ешқандай зорлық-зомбылықтың түрлерімен кездеспегенін айтты, 2 ата-ана – дөрекі сөйлеу, мазақтау деп жауап берді.

-36 ата-ана отбастарында зорлық – зомбылықтың мәселесі талқыланады деп жауап берді. 16 ата-ана жоқ талқыланбайды деді. Және ата-ана – кейде деп жауап берді.

Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың әртүрлі түрлерінің пайда болуын негізгі себептері ретінде ата-аналар өзара келіспеушілік, балаға ата-ананың қарамауы, ғаламтор, баланың ортасы, жоқшылық, отбасындағы тәрбие, жетіспеушілік, тәрбиенің жоқтығы деп жазды.

-мектептегі зорлық-зомбылықтың жеңу мәселелерін шешудің қандай жолдарын ұсынасыз деген сұраққа 15 ата-ана сыныпта зорлық-зомбылық мәселелерін талқылау деп жауап берді, 12 ата-ана – мектептегі тәртіпті күшейту, 10 –ата-ана бақылау мен қадағалауды жақсарту және 10 ата-ана бірнеше сауалды таңдады.

«Аутодеструктивті мінез құлықтың алдын – алу» тақырыпта сынып жетекшілер мен пән мұғалімдерге слайд түрінде түсіндірме жұмыс және психологиялық тренинг жүргізілді.



ЕББҚ ететін оқушылардың ата – аналарымен «Бала тәрбиесі баршамызға ортақ» тақырыпта мектеп директоры Дат Бақтығалиевич және бастауыш сынып бойынша оқу ісінің меңгерушісі Нұргүл Зекенқызы сонымен қатар пән мұғалімдермен сынып жетекшілердің қатысуымен жиналыс өткізілді. Ата – аналармен психологиялық тренинг жүргізіп, сұрақтар қойылып, жауап берілді. Ата – аналар өз сұрақтарын қойып, ұсыныстарын айтты.





«Зиянды әрекеттердің алдын алуға кеңес» тақырыпта психологиялық сағаты 3 сыныптармен өткізілді. Зиянды әдеттерден аулақ болу, жас ағзаларын уландырудан сақтау, есірткі қылмысының алдын алу, басты байлық – денсаулық екендігін ұғындыру мақсатында оқушыларға нашакорлық, темекі шегушілік, ішімдікке қарсы видео көрсетіп, психологиялық сағат өткізілді.

Мақсаты: Зиянды әдеттерден сақтандыра отырып оқушыларды, болашақтың тірегі болатын дені сау азамат болуға баулу.

Қазір, әсіресе, жастардың жазылмас жан жарасы – есірткіге тәуелділігі еліміздің бас ауруына айналып отыр. Сондықтан да есірткі бизнесінің алдын алуда оған қарсы насихат жүргізудің алар орны ерекше.




«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыпта 4-ші сыныптарымен психологияқ тренинг өткізілді.

Мақсаты: балалардың құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелерін талқылау.

Оқушылар бала құқықтары туралы заңдармен танысып, балалардың құқықтарын қорғау туралы негізгі және рәсімдік ережелер талқыға түсті. Олардың ішінде: өмір сүруге, есімінің болуына, азаматтыққа және т.б. ие болу құқықтары; аман-сау отбасылық өмір құқығы; сәбидің жеке басының еркін дамуын қамтамасыз ететін құқық; денсаулығын сақтау нығайту құқығы; білім алу мен мәдени даму құқығы; төтенше жағдайларда баланы қорғау құқықтары жайлы айтылды.

Балалар өте қызығушылықпен қатысып, өз ой пікірін білдірді.



Жоспарымнан тыс бастауыш сыныптардың апталығында « Мұғалім мектеп жүрегі, көңілді жүрсін үнемі» атты тақырыпта мұғалімдермен психологиялық тренинг өткізілді.

Максаты: Эмоционалды тұрақтылықты арттыруға, стресс пен күйзелісті тиімді басқаруға, кәсіби мотивацияны жаңартуға және ұжыммен бірге тиімді жұмыс істеуге көңіл – күй сыйлау.





Түзете-дамыту бағыты

Оқу жылдың барысында оқушыларды бақылау мен тестілеудің нәтижесінде мектепке бейімделуінде, тілдерінде кемістігі бар және жалпы сабақтағы үлгермеушілігіне байланысты 2 оқушымен қосымша жеке түзету жұмыстары жүргізілді: олар танымдық процестерін зерттеу «Не жетпейді?», «Қисынсыздарды тап», «Не артық?», «Кактус», «Отбасы суреті», сонымен қатар оқуға мотивацияның деңгейін анықтау сауалнамал мен әдістемелердің қорытындысы бойынша ата – аналардың келісімімен биыл 1 оқушының құжатын ПМПК және 1 оқушы ППК комиссиясына жолданды.

Ата – аналардың сұраныстары балаларының жеке дара мазасыздануы, қобалжу, агрессивтілік, сабаққа деген қызығушылығының төмендеуі, қарым – қатынастарында қиындығы бар 5 оқушымен себептерін анықтау мақсатында жеке профилактикалық әңгімелер мен түзету жұмыстары өткізілді.

Профилактикалық кеңестер бағыты

Оқу жылдың басынан бастап жеке оқушылармен, ата – аналармен және жалпы сыныптармен жүргізілген профилактикалық әңгімелер бойынша 1 ата – ана шақырылып баланың тәртібі, жалпы эмоционалдық жағдайына байланысты профилактикалық әңгімелер және кеңестер берілді.

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды түзете-дамыту жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Дамыту ойындардың маңыздылығы оқушылардың ынта - ықыласын есепке ала отырып, оқуды қызықты етіп, білім, білік, дағдыны қалыптастыру. Дамыту ойындарға қойылатын бірінші талап - оқушының танымдық әрекетін, қызығушылығын дамыту.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылармен даму ерекшеліктеріне, мінез – құлық және эмоциялық проблемаларына орталық факторларына байланысты тиісті деңгейде психологиялық қолдау көрсету барысында 1 «Б», 2, 4 «А» сыныбындағы оқушыларымен аптасына 2 рет кесте бойынша жұмысы жүргізілуде. Жұмыс жүргізу барысында оқушылардың зейіні мен ой шоғырлануы тежелу үстінде. Сөздік қоры жасына сай емес және ойлау қабілеті төмен.

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды түзете-дамыту жұмыстары жүргізілді

Мақсаты: Дамыту ойындардың маңыздылығы оқушылардың ынта - ықыласын есепке ала отырып, оқуды қызықты етіп, білім, білік, дағдыны қалыптастыру.

Дамыту ойындарға қойылатын бірінші талап - оқушының танымдық әрекетін, қызығушылығын дамыту



Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылармен даму ерекшеліктеріне, мінез – құлық және эмоциялық проблемаларына орталық факторларына байланысты тиісті деңгейде психологиялық қолдау көрсету барысында 1 «Б», 2, 4 «А» сыныбындағы оқушыларымен аптасына 2 рет кесте бойынша жұмысы жүргізілуде. Жұмыс жүргізу барысында оқушылардың зейіні мен ой шоғырлануы тежелу үстінде. Сөздік қоры жасына сай емес және ойлау қабілеті төмен. Осы аталған проблемалармен жоспар құру арқылы бастауыш сыныптар бойынша педагог – психологы Бекишева Батырбала Оралбековнамен яғни мен инклюзивті педагог - психологы Амантаева Нұрбақыт бірігіп аталған сыныптың оқушыларымен бірігіп жұмысымызды жүргізіп келеміз.

Мектебіміздің мүмкіншілігі шектеулі, үйден оқытатын оқушылармен жыл бойына жоспар құрылып, коррекциялық сабақ жүргізілді. Жұмыс істеу барысында оқушылар логикалық ой қажет ететін тапсырмаларды қиындықпен орындайды. Танымдық аймағы қалыптасуда, алайда дамуы тежелуде. Ойлауы өз жасынан кем дамыған, зейіні әлсіз. Есте сақтауы да төмен. Жалпы психикалық қасиеттерінің дамуы жетілмегенмен, кідірі көп. Есте сақтауы өте қиын, тез ұмытады, зейіні шоғырланбаған, ойлау қаблетті төмен, ыстық, суық, аласа, биік деген түсініктері дамыған. Жаман жақсыны ажырата алады.

Педагог – психолог: Бекишева Батырбала Оралбековна

**«Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (РО) жанындағы интернат» КММ
2024-2025 оқу жылына арналған 5-11 сыныптар аралығында
психологиялық қызметінің есебі**

Мектептің білім беру ортасында арнайы жағдайды қалыптастыра отырып, оқушылардың психологиялық даму үрдістерін басқару мақсатында мектептің қатысушыларымен психологиялық жұмыстар атқарылды.

Қыркүйек айында 2024-2025 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.

Психологиялық қызметтің басты мақсаты:

Оқу- тәрбие үрдісінде педагогикалық-психологиялық заңдылықтарды ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру, оқушының шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту, психологиялық денсаулығын сақтау.

Психологиялық қызметтің міндеттері:


1. Білім беру жүйесінің барлық қатысушылары оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға қажетті психологиялық көмек беру.
2. Тұлғаның дамуының барлық жас ерекшелік кезеңдерінде оқушылардың зияткерлік, жеке тұлғалық және кәсіби дамуына қолдау көрсету.
3. Оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау. 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі қыркүйектен - қазан айы аралығында келесі зерттеулер өткізілді: білім алушылардан «Оқу мотивациясын анықтау» тесті, пәнге деген көзқарасын анықтау үшін Танымдық қабілеттерін анықтау: Ойлау, есте сақтау, зейін, қиял, қабылдау, Филлипс тесті және социометрия әдісі алынды. 5-сынып оқушыларының орта буында білім алуға дайындығын анықтап, талдау жасау. Әр оқушының мұғаліммен қарым-қатынасының, құрдастар тобындағы әлеуметтік жағдайының қолайлы болуына жағдай жасау. Оқу барысында кездесетін қиындықтар кезінде оқушыларға психологиялық қолдау көрсету. Орта буынға бейімделу кезінде балаға көмектесу, оны психологиялық жағынан дайындау. Жалпы 5 сыныпта 55 оқушы бар. Бір оқушы үйден оқиды.
5 «А» сыныбы-20 оқушы, 5 «Ә»-14 сыныбы оқушы, 5 «Б»-21 оқушы сыныптар. Сынып жетекшілері: Сагындыкова Г.А., Тулепбекова Г.С., Токиш Е.А.
5-сынып оқушыларының орта буында білім алуға дайындығын анықтап, талдау жасау. Әр оқушының мұғаліммен қарым-қатынасының, құрдастар тобындағы әлеуметтік жағдайының қолайлы болуына жағдай жасау. Оқу барысында кездесетін қиындықтар кезінде оқушыларға психологиялық қолдау көрсету. Орта буынға бейімделу кезінде балаға көмектесу, оны психологиялық жағынан дайындау. Жалпы 5 сыныпта 55 оқушы бар. Бір оқушы үйден оқиды.
5 «А» сыныбы-20 оқушы, 5 «Ә»-14 сыныбы оқушы, 5 «Б»-21 оқушы сыныптар. Сынып жетекшілері: Сагындыкова Г.А., Тулепбекова Г.С., Токиш Е.А.
5 сынып оқушыларының бақылау бойынша, бейімделу сауалнамасының жақын пәндер бойынша анықтамасы:




«5 сынып оқушыларының «Алақай мен 5 сыныпқа барамын!», «Мен 5 сыныпта оқимын!» тренинг сабақтары жүргізілді. Мақсаты: 5-сынып оқушыларына орта буынға оқу жағдайына бейімделу кезінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.



5 сынып орта буынға бейімделуін анықтау мақсатында «Филлипс» мектепке үрейленуденгейін саралау әдістемесі алынды. Әдістемеден қалыс қалған оқушы болған жоқ. Алынған әдістеменің қорытынды анықтамасы бойынша жоғары, ортадан жоғары алаңдаушылық оқушы анықталған жоқ.



5 -8 сынып оқушыларынан «Оқу мотивациясы деңгейін бағалау» әдістемесі алынды. Оқушылардың мектепке дайындығын анықтау мақсатында. Сауалнамаға барлығы – 52 оқушы қатысты. Әдістемені қорытындылай келе 46 оқушы мотивацияның жоғары деңгей көрсетті, қалған 6 оқушы оқушы мотивацияның орташа деңгейін көрсетті.



Қорытынды бойынша: оқушылардың психологиялық ахуалы жақсы және оқушылар орта буынға дайындықтары жақсы жағынан көрсетілді.

Буллингті алдын алу тақырыбында алдын алу жұмыстары жүргізілді. Мектептегі буллингтің алдын-алу мақсатында білім алушылардың, ата-аналармен және мектеп мұғалімдерімен жоспарға сай әдістемелерді пайдалана отырып, жұмыстар жүргізілді. Осы іс-шараларды жүйелі түрде өткізу жоспарға сәйкес атқарылды. 5-11 сынып арасындағы «Жасөспірімдер арасындағы буллинг мәселесі» тақырыбында психологиялық алдын-алу жұмыстары жүргізілді.



2024-2025 оқу жылы барысында атқарылатын жұмыстар бойынша арнайы бекітілген жылдық жұмыс жоспары негізгі пролемаларды шешу жолдары мен оқушы ерекшеліктерін есепке ала құрылды. Мектептің білім беру ортасында арнайы жағдайды қалыптастыра отырып, оқушылардың психологиялық даму үрдістерін басқару мақсатында мектептің қатысушыларымен психологиялық жұмыстар атқарылды.

Қыркүйек айында «Қауіпсіз әлем» атты ұстаздарға арналған арнайы алдын алу жұмыстары жүргізілді. Жиналысқа барлық ұстаздар қатысты.

5-сынып ата-аналарына балаларының орта буынға бейімделуіне психологиялық қолдау көрсету. Ата-аналар жианысы өткізілді. Барлық ата-аналар қатысты.

«STOP-Буллинг» сауалнамасы алынды. Қатысқандары: 5-11 сынып оқушылары.

«Вейп – денсаулыққа өте қауіпті» тақырыбында ағарту жұмыстары жүргізілді. 8-11 сыныптар қатысты. Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтап, білім алуға құштарлықтарын арттыру.

Мұғалімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу мақсатында дәрістер, түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Барлық ұстаздар қатысып, өздеріне керек сұрақтарына жауаптарын алды.

PISA халықаралық зерттеуіне оқушыларды дайындау оқушылар арасындағы жүргізілген жұмыстар тақырыбы: «Сенім менің серігім» және «Мен және менің ортам!» психологиялық жұмыстар жүргізілді. Қатсқаны: 10 сыныптар. Қорыта келе: оқушылар өздері жақсы көңіл-күймен тренингке қатысты. Сонында өздерінің сұрақтарына жауап алды.



11 сыныптар арасында **«Сенім менің серігім!»** тақырыбында психологиялық тренинг жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Оқушылардың емтиханға дайындық кезіндегі сенімділігін. Оқу-танымдық қабілеттерін арттыру. Қатысқаны 11 сынып оқушылары.

Оқушылар белсене қатысты, берілген тапсырмаларды орындады.

«Лудомания-ғасыр дерті!» және **«Қауіпсіз интернеттің пайдасы мен зияны»** тақырыбында психологиялық сағаты өтті. тақырыбында алдын-алу жұмыстары жүргізілді. Қатысқаны: 8-9 сынып оқушылары. Мақсаты: Ойынқұмарлықтың әсері, себептері және алдын алу жолдары. Оқушылардың өз-ойлары ортаға салынды және сұрақтар арқылы жауап өз ойларымен бөлісті.



«Зорлық -зомбылыққа жол жоқ!» атты тақырыбында алдын алу жұмыстары өткізілді. Жалпы барлық сыныптарға. Зорлық зомбылық пен қатығыс жанжалдың алдын алу және де «Кибербуллинг» қазіргі ауқымды проблемалар бойынша оқушылар арасында арнайы жұмыстар атқарылды. 8-11 сыныптар арлығында. Оқушылар кері байланыс жасап, өз ойларымен бөлісті. Зорлық-зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасауға көмек беру.




Педагогикалық кеңесте 08.01.2025 оқу жылында күн тәртібіне байланысты мұғалімдерге:

1. Зорлық-зомбылықты алдын-алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
2. Аутодеструктивті мінез-құлықты алдын-алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
3. 2024-2025 оқу жылына талдау есебі айтылды.

Қатысқаны: 55 оқушы. Қорыта келе: барлық ұстаздар қатысып, өздеріне керек сұрақтарына жауаптарын алды.



Қыздар, ұлдар және жыныстық тәрбие беру жұмыстар «Қыздарға әсемдік жарасады!» жайында қыздар мен ұлдар жиналысы өтті. Педагог-психолог: Жаксыбекова А.К. жоспарға сай баяндама оқыды және қыздарға кеңестер берілді.



6-7 сыныптар арасында «Мен өмірді таңдаймын! Тренингтер ұйымдастырылды. Мақсаты: Адам бойындағы болатын асыл қасиеттерді, адамгершілік, мейірімділік сезімдерін дамыту. Қатысқаны: 76 оқушы.

Желтоқсан-Қаңтар айында 8-11 сыныптар арасында темперамент типін анықтау мақсатында Г.Айзенк сауалнамасы алынды. Шкала темперамент түрлері – сангвиник 57, флегматик-6, холерик-79, меланхолик-8.

Кеңес беру бағыты бойынша өгей ата-аналармен және балалармен жеке-жеке әңгіме жүргізілді. Әңгіме барысында ата-анаға бала алдындағы жауапкершілігінің жоғары екендігін сезіну, балаға деген мейірімділігін, қамқорлығын көрсету, өз баласындай көре білу туралы кеңестер әңгімелер жүргізілуде.

Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт.

Жыл бойы жұмыстар жұмыстар жүргізу барысында барысында ерекше білімді қажет ететін оқушыларды анықтап, ата-анасымен әңгіме жүргізу барысында ПМПК-бағытталады.

Артықшылықтары: Осы 2024 - 2025 оқу жылы бойынша жылдық жұмыстардың көпшілігі аталған жоспарға сәйкес жүргізілді.

Орындаған: педагог-психолог Жақсыбекова А.К.